

Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 990 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.06. N 511 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. "Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 ақпандағы N 235 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 9, 61-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 29 қыркүйектегі

N 990 қаулысымен

бекітілген

Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жер заңнамасының сақталуын, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі - жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау) жүзеге асыруды регламенттейді.

2. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және осы ережеге сәйкес мемлекеттік органдардың, жеке, заңды және лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын орындауын, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуларын табуды және жоюды, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді, жер учаскелерін пайдалану ережелерін сақтауды, жер кадастрын жүргізу мен жерге орналастырудың дұрыстығын және жерді ұтымды пайдалану

мен қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен олардың аумақтық органдары, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге де уәкілетті органдар жүзеге асырады.

4. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар мыналар болып табылады:

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;
санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары;
сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;
ауыл шаруашылығы, орман, аңшылық және балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган).

Бұл органдар өз функциясын өзара бір-бірімен іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырады.

5. Жер ресурстарын басқару жөніндегі қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, ауыл шаруашылығы саласындағы орталық уәкілетті органдар, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары:

өз құзыретіне сәйкес жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

жердің сапалы жай-күйінің өзгеруін тексеруді және сараптауды ұйымдастырады;

жерді мақсатты пайдаланудың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

жер заңнамасының бұзылуын жоюға шаралар қолданады;
жерді пайдалану мен қорғау мәселелеріне қатысты нормативтік кесімдерді әзірлеуге қатысады;

тозған ауыл шаруашылығы жайылымдықтарын, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанған, сондай-ақ пайдаланылуы одан әрі адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге, төтенше жағдайларға, апаттарға, тарихи-мәдени мұралар мен табиғат ландшафтарының бұзылуына, ауыл шаруашылығы өнімдері мен су көздерінің ластануына әкеп соғатын карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырған жерді белгіленген тәртіппен сақтап қою туралы ұсыныстар енгізеді;

қала құрылысы және жерге орналастыру құжаттамаларын келісуге, суландырылған, қайта қалпына келтіру жүргізілген және олардың сапалық жай-күйін жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізілген басқа да жерді, сондай-ақ жерді қорғау мақсатында салынған объектілерді қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады.

6. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау саласындағы функциялары Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 147-бабымен айқындалған.

2. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі

7. Жер заңнамасының сақталуын жүзеге асыру жоспарлы (уәкілетті орган жоспарлаған және бекіткен) және жоспарланбаған (болған жағдайларға сәйкес тағайындалатын, тез арада шешуді талап ететін шағымдар, өтініштер мен арыздар) деп бөлінетін тексерулер арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік бақылау, сондай-ақ жерге түгендеу, зерттеу жүргізу, жерді пайдалануға байланысты сызбалар мен жобаларды әзірлеу, мемлекеттік жер кадастрлары мен мониторингін жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру рәсімі бақылаушы орган шығаратын шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметіне тексеру жүргізу туралы нұсқаулықтары және тексерулерді есепке алудың 1-ІІ нысанды карточкасы негізінде жүргізіледі, олар Құқықтық статистика жөніндегі комитетте және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының немесе аумақтық органдарының арнайы есепке алуымен тексеру басталғанға дейін тіркеледі.

9. Мемлекеттік бақылау мақсатында жер учаскелерін сол күйінде зерттеу жер учаскелері меншік иелерінің, жер пайдаланушылардың қатысуымен, сондай-ақ олар бас тартқан жағдайда оларсыз жүргізіледі, зерттеу нәтижелері бойынша жасалған құжаттарға бұл туралы тиісті белгі қойылады.

Анықталған жер заңнамасының бұзылуы, жерді зерттеу сызбасы қоса берілетін, осы жұмыстарды жүргізген мамандардың қолдары қойылған актімен рәсімделіп, құзыретіне осы мәселені қарау кіретін органға беріледі.

10. Анықталған жер заңнамасының бұзылуын уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен өздерінің функцияларына сәйкес қарайды.

11. Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әкімшілік жаза қолдану туралы шешіміне Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 148-бабының 3-тармағына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

12. Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жер заңнамасы бұзылуының іс жүзінде жойылуын, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың нұсқаулары мен нұсқаулықтарын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың орындауын қадағалайды.

13. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жыл

сайынғы мемлекеттік есептілікті мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жасайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК